мүше мемлекеттердің аумағында механикалық өңдеу (қайрау және (немесе) бұрғылау және (немесе) жону және (немесе) фрезерлеу және (немесе) жіп кесу және (немесе) тегістеу және (немесе) жылтырату) бойынша операцияларды орындау <30> - 45 балл;

сорғы статорының басқа бөлшектері, олар сорғы статорына кіретін, бірақ қысыммен жұмыс істейтін корпус болып табылмайтын компоненттер деп түсініледі (мысалы, тік сорғылардың тірек корпусы, екі корпусты сорғылардың ішкі корпусы, мойынтіректердің корпустары, кронштейндер және т. б.):

мүше мемлекеттердің аумағында дайындау операцияларын орындау (күю және (немесе) соғу және (немесе) штамптау) <30> -30 балл;

мүше мемлекеттердің аумағында дәнекерлеу операцияларын және (немесе) термоөңдеу операцияларын орындау (сөндіру; қалыпқа келтіру; босату) <30> -25 балл (бар болса);

мүше мемлекеттердің аумағында бұзбай бақылау жөніндегі операцияларды орындау - 30 балл

"8413 70-тен

Сұйытылған табиғи газдың ірі тоннаждық өндірістері үшін Bb1, bb2, BB3, BB5 және VS1/VS6 типті орталықтан тепкіш технологиялық сорғылар және олардың негізіндегі агрегаттар

(бар болса) <30>;

мүше мемлекеттердің аумағында механикалық өңдеу (бұрау және (немесе) жону және (немесе) бұрғылау және (немесе) фрезерлеу және (немесе) жіп кесу және (немесе) тегістеу және (немесе) жылтырату) бойынша операцияларды орындау <30>-60 балл;

мүше мемлекеттердің аумағында сорғының құбыр байламдарын дайындау (құбырларды кесу, ию, дәнекерлеу, бұзбайтын бақылау, арматура мен жинақтауыштарды (крандар, ысырмалар, фланецтер және т. б.) қолдану)-40 балл <30>;

құрастыру операциялары:

ротордың құрастыру операцияларын орындау, роторды теңестіру және мүше мемлекеттердің аумағында сорғыны құрастыру -30 балл;

мүше мемлекеттердің аумағында коррозияға қарсы және басқа да арнайы жабындарды жағу-50 балл;

мүше мемлекеттерге өндірілген жиынтықтауыштарды сорғы құрамында өндіру немесе қолдану:

соңғы тығыздағыштар; тығыздау элементтері-40 балл;

мойынтіректер-30 балл;

бақылау-өлшеу аспаптары және олардың компоненттері (КИП) - 55 балл;

сорғы қондырғысы <30>;

мүше мемлекеттердің аумағында өндірілген сорғы агрегатының немесе сорғы бөлігінің құрамында өндіру немесе қолдану <30>;

агрегаттың жақтауы және тірек конструкциялары: дайындау операцияларын орындау (құю және (немесе) соғу және (немесе) штамптау) <30> мүше мемлекеттердің аумағында - 40 балл;

мүше мемлекеттердің аумағында технологиялық операцияларды (дәнекерлеу және (немесе) термоөңдеу және (немесе) механикалық өңдеу) <30> және құрастыру операцияларын орындау-50 балл;

мүше мемлекеттердің аумағында агрегаттың құбыржол байламдарын дайындау (құбырларды кесу, ию, дәнекерлеу, бұзбайтын бақылау, арматура мен жиынтықтауыштарды (крандар, ысырмалар, фланецтер және т. б.) қолдану)-85 балл <30>;

мүше мемлекеттердің аумағында коррозияға қарсы және басқа да арнайы жабындарды жағу-50 балл;

мүше мемлекеттердің аумағында агрегаттың құрастыру операцияларын орындау (агрегаттау)-30 балл;

мүше мемлекеттердің аумағында жинақта агрегаттың параметрлік сынақтарын қоса алғанда, агрегат құрамында сынақтар жүргізу-110 балл;

мүше мемлекеттердің аумағында өндірілген сорғы жетегі агрегатының құрамында (электр

қозғалтқышы; дизельді қозғалтқыш және т. б.) өндіру немесе қолдану-450 балл;
мүше мемлекеттердің аумағында өндірілген айналымдар санын (жиілік түрлендіргіші немесе гидромұфт) немесе ұлғайту/төмендету трансмиссиясын (редуктор; мультипликатор және т. б.) реттеу агрегатының құрамында өндіру немесе қолдану-110 балл;
мүше мемлекеттердің аумағында өндірілген жиынтықтауыштарды агрегат құрамында өндіру немесе қолдану:
жалғастырғыш муфта-30 балл;
бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматика құралдары (КИП және А) және олардың компоненттері; кабельдік өнім-55 балл";

"8414 80-ден Ауа сорғылары, ауа немесе газ компрессорлары, желдеткіш немесе рециркуляциялық сорғыш қалпақшалар немесе желдеткіші бар, сүзгілері бар немесе сүзгілері жоқ шкафтар, өзгелері" деген позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"8414 80-нен

Бу газының ортадан тепкіш криогендік компрессорлары

мүше мемлекеттің заңды тұлғасында - салық резидентінде кемінде 5 жыл мерзімге тиісті өнімді өндіру, жаңғырту және дамыту үшін жеткілікті көлемде конструкторлық және техникалық құжаттамаға құқықтардың болуы <8>;
мүше мемлекеттердің бірінің аумағында өнеркәсіптік тауарды жөндеуді, сатудан кейінгі және кепілдік қызмет көрсетуді жүзеге асыруға уәкілетті сервистік орталықтың болуы;
мүше мемлекеттердің аумағында құрылымында өзінің есеп айырысу, конструкторлық, технологиялық және өндірістік бөлімшелері бар дайындаушы кәсіпорынның болуы;
мүше мемлекеттердің аумақтарында өнеркәсіптік тауардың түйінді параметрлерін қалыптастыратын (түйінді параметрлерге әсер ететін) 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін жиынтық балл санымен - кемінде 130 баллмен, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап-кемінде 170 баллмен бағаланатын мынадай технологиялық операцияларды жүзеге асыру:
компрессор корпусын механикалық өңдеу, технологиялық процестерде көзделген көлемнің 100 пайызы көлемінде механикалық өңдеуді орындау-20 балл;
криогендік температурада жоғары температуралық тұрақтылығы бар арнайы болаттардан білік жасау үшін соғу өндірісі-40 балл;
компрессор білігін өндіру, технологиялық процестерде көзделген көлемнің 100 пайызы көлемінде механикалық өңдеуді орындау-30 балл;
криогендік температурада жоғары температуралық тұрақтылығы бар арнайы болаттан жасалған

компрессордың жұмыс дөңгелектерін өндіру-20 балл;
 компрессор конструкциясында көзделген барлық құрғақ газдинамикалық тығыздағыштарды өндіру - 20 балл;
 компрессорды құрастыру-20 балл;
 жабдықты аттестатталған стендте сынау (механикалық, газдинамикалық) - 20 балл";

"8419 60 000 0 Ауаны немесе газды сұйылтуға арналған машиналар" деген позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициялармен толықтырылсын:

<p>"8419-дан, 8479-дан Сіңіру қондырғылары, сіндіру автоклавтары, вакуумды-айдау сіңірулері, вакуумды сіңіру</p>	<p>мүше мемлекеттің заңды тұлғасында - салық резидентінде кемінде 5 жыл мерзімге тиісті өнімді өндіру, жаңғырту және дамыту үшін жеткілікті көлемде конструкторлық және техникалық құжаттамаға құқықтардың болуы <8>; мүше мемлекеттердің бірінің аумағында өнімді жөндеуді, сатудан кейінгі және кепілдік қызмет көрсетуді жүзеге асыруға уәкілетті сервистік орталықтың болуы; мүше мемлекеттердің аумағында мынадай операцияларды жүзеге асыру: дайындау операциялары (лазерлік, механикалық бөлшектерді кесу); бөлшектерді өңдеу; дәнекерлеу және / немесе иілу жұмыстары; бояуға дайындық, лак-бояу жабындарын жағу; өндірістік, бақылау-өлшеу сынақтары; жабдықты құрастыру және монтаждау</p>
<p>8421 21 000 Суды сүзуге немесе тазартуға арналған жабдықтар мен құрылғылар</p>	<p>мүше мемлекеттің заңды тұлғасында - салық резидентінде кемінде 5 жыл мерзімге тиісті өнімді өндіру, жаңғырту және дамыту үшін жеткілікті көлемде конструкторлық және техникалық құжаттамаға құқықтардың болуы <8>; мүше мемлекеттердің бірінің аумағында өнімді жөндеуді, сатудан кейінгі және кепілдік қызмет көрсетуді жүзеге асыруға уәкілетті сервистік орталықтың болуы; мүше мемлекеттердің аумақтарында өнімнің түйінді параметрлерін (түйінді параметрлеріне әсер ететін) қалыптастыратын барлық мынадай технологиялық операцияларды жүзеге асыру: дайындау операциялары (күю, соғу, штамптау); термиялық өңдеу (сөндіру, қалыпқа келтіру, босату); ; механикалық өңдеу (қайрау, жону, бұрғылау, жіппен кесу, тегістеу, жылтырату); дәнекерлеу (агрегаттардың жақтауы, байлау бөлшектері); материалдардың химиялық құрамын, механикалық қасиеттерін талдау, бұзбайтын бақылау;</p>

бұйымдарды (бөлшектерді, тораптарды, агрегаттарды) құрастыру;
қорғаныс жабындарын бояу және жағу.
Тауарды өндіру кезінде пайдаланылған үшінші елдердің бөлшектері, тораптары мен жинақтауыштары құнының пайыздық үлесін сақтау - тауарды өндіру үшін қажетті бөлшектердің, тораптардың және жинақтауыштардың жалпы саны бағасының 10 пайызынан аспайды";

"8481 10 Қысымды реттеуге арналған редукциялық клапандар 8481 30 Кері (қайтарылмайтын) клапандар 8481 40 Сақтандырғыш немесе түсіру клапандары 8481 80 Өзге де арматура" деген позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"8431 43 000 0

8430 41 немесе 8430 49 қосалқы позициясының бұрғылау немесе үңгілеу машиналарының бөлшектері

мүше мемлекеттің заңды тұлғасында - салық резидентінде <10> кемінде 5 жыл мерзімге тиісті өнімді өндіру, жаңғырту және дамыту үшін жеткілікті көлемде конструкторлық және техникалық құжаттамаға құқықтардың болуы <11>;
мүше мемлекеттердің бірінің аумағында өнімді жөндеуді, сатудан кейінгі және кепілдік қызмет көрсетуді жүзеге асыруға уәкілетті сервистік орталықтың болуы;
мүше мемлекеттердің аумақтарында өнімнің түйінді параметрлерін (түйінді параметрлеріне әсер ететін) қалыптастыратын барлық мынадай технологиялық операцияларды жүзеге асыру:
термиялық өңдеу (сөндіру, қалыпқа келтіру, босату) ;
дәнекерлеу (агрегаттардың жақтауы, байлау бөлшектері) және балқыту;
механикалық өңдеу;
бұйымдарды (бөлшектерді, тораптарды, агрегаттарды) құрастыру;
қорғаныс жабындарын бояу және жағу.
Тауарды өндіру кезінде пайдаланылған үшінші елдердің бөлшектері, тораптары мен жинақтауыштары құнының пайыздық үлесін сақтау - тауарды өндіру үшін қажетті бөлшектердің, тораптардың және жинақтауыштардың жалпы саны бағасының 15 пайызынан аспайды".

7. XV бөлімде:

"8528 59 Интерактивтік кешен" деген позицияның алдынан мынадай мазмұндағы позициялармен толықтырылсын:

өтініш берушіге жиынтығында 20 балл беретін міндетті талаптарды орындау;
шет мемлекеттің және (немесе) халықаралық ұйымның және (немесе) шетелдік заңды немесе жеке тұлғаның және (немесе) заңды тұлға құрмаған

<p>"8473 30 200-ден 8473 30 800 0-ден 8471 тауар позициясы машиналарының бөлшектері мен керек-жарақтары (шасси (корпус)</p>	<p>шетелдік құрылымның бақылауында болмайтын мүше мемлекеттің заңды тұлғасында - салық резидентінде мыналардың болуы <10>: кемінде 5 жыл мерзімге тиісті өнімді өндіру, жаңғырту және дамыту мүмкіндігін растайтын көлемде конструкторлық, технологиялық құжаттамаға құқықтардың болуы; мүше мемлекеттердің бірінің аумағында өнімді жөндеуді, сатудан кейінгі, кепілдік және кепілдіктен кейінгі қызмет көрсетуді жүзеге асыруға уәкілетті сервистік орталықтың болуы. Мүше мемлекеттердің аумақтарында мынадай технологиялық операцияларды орындау: шассиді (корпусты) құю немесе қалыптау процесіне шикізат дайындауды, пішуді, кесуді, электрофизикалық және (немесе) электрохимиялық өңдеуді (өнімді дайындаудың технологиялық процесінде аталған операциялар болған кезде) қамтитын, жиынтығында өтініш берушіге B1=30 балл беретін операцияларды орындау; штамптауды (иілуді), шассиді (корпусты) қалыптауды және (немесе) құюды, фрезерлеуді (өнімді дайындаудың технологиялық процесінде аталған операциялар болған кезде) қамтитын, жиынтығында өтініш берушіге B2=30 балл беретін операцияларды орындау; өтініш берушіге жиынтығында B3=30 балл беретін дәнекерлеуді, жабынды жағуды, бекіткіш элементтерді орнатуды, монтаждауды (өнімді дайындаудың технологиялық процесінде аталған операциялар болған кезде) қамтитын операцияларды орындау; бұл ретте балдарды есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады: $B = (B1+B2+B3)/3$</p>
<p>8525 Қабылдау, дыбыс жазу немесе дыбыс шығару аппаратурасын қамтитын немесе оның құрамына кірмейтін радиохабар тарату немесе теледидар үшін таратушы аппаратура; телевизиялық камералар, сандық камералар және жазатын бейнекамералар</p>	<p>мүше мемлекеттің заңды тұлғасында - салық резидентінде кемінде 5 жыл мерзімге тиісті өнімді өндіру, жаңғырту және дамыту үшін жеткілікті көлемде конструкторлық және техникалық құжаттамаға құқықтардың болуы <10>; мүше мемлекеттердің аумақтарында мынадай операцияларды жүзеге асыру: мүше мемлекеттердің аумақтарында жүргізілген баспа платаларын өндіру немесе пайдалану; кұрастыру; өндірістік сынақтар; қаптау";</p>

8. XVII бөлімде:

"9027 10-нан Физикалық немесе химиялық талдауға арналған аспаптар мен аппаратуралар (мысалы, поляриметрлер, рефрактометрлер, спектрометрлер, газ немесе

түтін анализаторлары)" деген позицияның алдынан мынадай мазмұндағы позициялармен толықтырылсын:

<p>"8543 20 000 0 Сигналдардың генераторлары</p>	<p>мүше мемлекеттің заңды тұлғасында - салық резидентінде тиісті өнеркәсіптік тауарды өндіру, жаңғырту және дамыту үшін әзірленген техникалық құжаттамаға кемінде 5 жыл мерзімге құқықтардың болуы; мүше мемлекеттердің бірінің аумағында өнеркәсіптік тауарды жөндеуді, сатудан кейінгі және кепілдік қызмет көрсетуді жүзеге асыруға уәкілетті сервистік орталықтың болуы; өндірушінің құрылымында меншікті конструкторлық-технологиялық бөлімшелердің болуы; өндірісте пайдаланылған үшінші елдердің шығарылған материалдары құнының пайыздық үлесін сақтау - тауар бағасының 30 пайызынан аспайды</p>
<p>9030 33 990 0 9031 20 000 0 9031 80 980 0 9024 80 900 0 9031 80 910 0 Өлшеуге, бақылауға және сынауға арналған өзге де аспаптар мен аппаратура</p>	<p>мүше мемлекеттің заңды тұлғасында - салық резидентінде тиісті өнеркәсіптік тауарды өндіру, жаңғырту және дамыту үшін әзірленген техникалық құжаттамаға кемінде 5 жыл мерзімге құқықтардың болуы; сервистік орталыққа мүше мемлекеттердің бірінің аумағында тауарды жөндеуді, сатудан кейінгі және кепілдік қызмет көрсетуді жүзеге асыруға уәкілетті болуы; өнім өндіруші өнімінің сату бағасы мен оны өндіру кезінде пайдаланылған шикізаттың, материалдар мен жинақтаушы бұйымдардың бағасы арасындағы айырманың үлесі өнім бірлігінің сату бағасында кемінде 50 пайызды құрайды; мүше мемлекеттердің аумақтарында мәлімделген тауарды өндіру кезінде мынадай операциялардың кемінде 8-ін жүзеге асыру: токарлық; фрезерлік; тегістеу; кесу; бұрғылау; слесарьлық; координаттық-скринингтік; термиялық өңдеу операциялары; электрондық модульдер мен блоктарды құрастыру, монтаждау және баптау; тауарды кешенді баптау және сынау; бақылау-өлшеу операциялары</p> <p>мүше мемлекеттің заңды тұлғасында - салық резидентінде тиісті өнімді өндіру, жаңғырту және</p>

<p>9014 10 000 0 Бағытты анықтауға арналған компастар</p>	<p>дамыту үшін жеткілікті көлемде кемінде 5 жыл мерзімге техникалық құжаттамаға құқықтардың болуы; мүше мемлекеттің заңды тұлғасына - салық резидентіне айрықша құқығы тиесілі болатын бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану; өндірісте пайдаланылған үшінші елдердің шығарылған материалдары құнының пайыздық үлесін сақтау-тауар бағасының 45 пайызынан аспайды, ал 2025 жылғы 1 шілдеден бастап - тауар бағасының 30 пайызынан аспайды; мүше мемлекеттердің аумақтарында мынадай технологиялық операцияларды жүзеге асыру (дайындау технологиясы болған кезде): элементтерді баспа платасына орнату; микробағдарлама дайындау; мүше мемлекеттің заңды тұлғасының - салық резидентінің бұйымды құрастыруы; мүше мемлекеттердің бірінің аумағында өнімге сынақтар жүргізу;</p>
<p>9027 50 000 0-ден Физикалық немесе химиялық талдауға арналған өзге де аспаптар мен аппаратуралар</p>	<p>мүше мемлекеттердің бірінің аумағында өнеркәсіптік тауарды жөндеуді, сатудан кейінгі және кепілдік қызмет көрсетуді жүзеге асыруға уәкілетті сервистік орталықтың болуы</p> <p>мүше мемлекеттің заңды тұлғасында - салық резидентінде <10> кемінде 5 жыл мерзімге тиісті өнімді өндіру үшін жеткілікті көлемде техникалық құжаттамаға және конструкторлық құжаттамаға құқықтардың болуы; үшінші елдердің шығарылған материалдарын өндіру (дайындау) кезінде пайдаланылған құнның пайыздық үлесін сақтау - тауар бағасының 50 пайызынан аспайды; мүше мемлекеттердің аумақтарында өндірілген бағдарламалық қамтамасыз етуге немесе баспа платаларын өндіру кезінде пайдалануға құқықтардың болуы; мүше мемлекеттердің аумақтарында дайындалған корпусық бөлшектерді өндірісте пайдалану";</p>

"9030 10 000 0 Иондаушы сәулеленуді анықтауға немесе өлшеуге арналған аспаптар мен аппаратура" деген позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициялармен толықтырылсын:

	<p>мүше мемлекеттің заңды тұлғасында - салық резидентінде тиісті өнеркәсіптік тауарды өндіру, жаңғырту және дамыту үшін әзірленген техникалық құжаттамаға кемінде 5 жыл мерзімге құқықтардың болуы; мүше мемлекеттердің бірінің аумағында өнеркәсіптік тауарды жөндеуді, сатудан кейінгі және кепілдік қызмет көрсетуді жүзеге асыруға уәкілетті сервистік орталықтың болуы;</p>
--	--

"9030 20 100 0

Осциллоскоптар және электрондық-сәулелік осциллографтар

9030 31 000 0-ден

9030 32 000 9-дан

9031 41 000 0-ден

9031 49-дан

9031 80-нен

Электрондық компоненттер мен тораптарды өлшеудің автоматтандырылған құралдарын қоса алғанда, ЭКБ қабылдау сынақтарына арналған бақылау-өлшеу және сынау жабдығы

өндірушінің құрылымында меншікті конструкторлық-технологиялық бөлімшелердің болуы;

өндіру кезінде пайдаланылған үшінші елдердің шығарылған материалдары құнының пайыздық үлесін сақтау - тауар бағасының 50 пайызынан аспайды

мүше мемлекеттің заңды тұлғасында - салық резидентінде айрықша меншік құқықтарының не иеленудің және пайдаланудың өзге де заңды негіздерінің болуы:

тиісті арнайы технологиялық жабдықты өндіру, жаңғырту және пайдалану үшін жеткілікті көлемдегі конструкторлық, технологиялық және пайдалану құжаттамасы;

тиісті өнеркәсіптік тауарды өндіру, жаңғырту және пайдалану үшін қажетті мамандандырылған бағдарламалық өнімдер;

тиісті өнеркәсіптік тауарды өндіру, жаңғырту үшін қажетті коммерциялық құпия санатына жатқызылған өндірістік және технологиялық ноу-хау;

тиісті өнеркәсіптік тауарды өндіру, жаңғырту үшін қажетті өнертабыстар мен пайдалы модельдерге патенттер;

мүше мемлекеттердің аумақтарында жоғарыда көрсетілген талаптарға жауап беретін заңды тұлғаның мынадай операцияларды жүзеге асыруы: құрылымдық элементтерді дайындау: корпусстар, манипуляторлар, тіректердің, блоктардың, модульдердің және басқа да құрамдас бөліктердің механикалық элементтері;

баспа тораптарын жасау;

өнеркәсіптік тауарды құрастыру және монтаждау, сынау, оның ішінде өлшеу құралдарының түрін бекіту мақсатында сынау;

өндірісте пайдаланылған үшінші елдердің шығарылған материалдары құнының пайыздық үлесін сақтау - тауар бағасының 50 пайызынан аспайды. Өндірісте пайдаланылған үшінші елдердің шығарылған материалдары құнының пайыздық үлесін айқындау кезінде өндірісте қолдануға рұқсат етілетін мынадай жинақтаушы бұйымдар ғана ескеріледі:

вакуумды айдау құралдары, вакуумды өлшеу құралдары және қалдық атмосфера анализаторы, өшіру-вакуумдық арматура, дәл газ шығынын реттегіштер және жоғары тазалықтағы газдармен жұмыс істеуге арналған арматура;

мамандандырылған электрониканың жекелеген түрлері, соның ішінде дәл температура реттегіштері мен ВЧ генераторлары;

9031 80 910 0

Геометриялық шамаларды өлшеуге және бақылауға арналған өзге де аспаптар, құрылғылар мен машиналар

технологиялық газдарды мәреге дейін тазарту жүйелері;

аналитикалық жүйелер (дифракция жүйелері, пирометрлер және т. б.), жоғары температуралы қыштан, графиттен, кремний карбидінен жасалған бұйымдар;

мүше мемлекеттердің бірінің аумағында өнімді жөндеуді, сатудан кейінгі және кепілдік қызмет көрсетуді жүзеге асыруға уәкілетті сервистік орталықтың болуы;

өнеркәсіптік тауар базалық технологиялық процестерге арналған құжаттамада жинақталуы тиіс

мүше мемлекеттің заңды тұлғасында - салық резидентінде тиісті өнеркәсіптік тауарды өндіру, жаңғырту және дамыту үшін әзірленген техникалық құжаттамаға кемінде 5 жыл мерзімге құқықтардың болуы;

мүше мемлекеттердің бірінің аумағында жөндеуді, сатудан кейінгі және кепілдік қызмет көрсетуді жүзеге асыруға уәкілетті сервистік орталықтың болуы;

өндірісте пайдаланылған үшінші елдердің шығарылған материалдары құнының пайыздық үлесін сақтау - тауар бағасының 50 пайызынан аспайды;

мүше мемлекеттердің аумақтарында жүзеге асыру мәлімделген тауарды өндіру кезіндегі мынадай операциялардың кемінде 8-і:

токарлық;

фрезерлік;

тегістеу;

кесу;

бұрғылау;

слесарьлық;

координаталық-скринингтік;

термиялық өндеу операциялары;

электрондық модульдер мен блоктарды құрастыру, монтаждау және баптау;

тауарды кешенді баптау және сынау;

бақылау-өлшеу операциялары

9030 31 000 0

мүше мемлекеттің заңды тұлғасында - салық резидентінде тиісті өнеркәсіптік тауарды өндіру, жаңғырту және дамыту үшін қажетті техникалық құжаттаманың (конструкторлық, технологиялық және бағдарламалық) және оған кемінде 5 жыл мерзімге құқықтардың болуы;

мүше мемлекеттердің бірінің аумағында өнімді жөндеуді, сатудан кейінгі және кепілдік қызмет көрсетуді жүзеге асыруға уәкілетті сервистік орталықтың болуы;

<p>Кернеуді, ток күшін, кедергіні немесе қуатты өлшеуге немесе бақылауға арналған жазу құрылғысынсыз әмбебап өлшеу аспаптары</p>	<p>өндірушінің құрылымында меншікті конструкторлық-технологиялық бөлімшелердің болуы; өндіру кезінде пайдаланылған үшінші елдердің шығарылған материалдары құнының пайыздық үлесін сақтау - тауар бағасының 30 пайызынан аспайды</p>
<p>9030 32 000 Кернеуді, ток күшін, кедергіні немесе қуатты өлшеуге немесе бақылауға арналған аспаптар мен жазу құрылғысы бар өзге де әмбебап аппаратура</p>	
<p>9030 33 Кернеуді, ток күшін, кедергіні немесе қуатты өлшеуге немесе бақылауға арналған аспаптар мен жазу құрылғысынсыз өзге де әмбебап аппаратура, өзгелері</p>	
<p>9030 39 000 Кернеуді, ток күшін, кедергіні немесе қуатты өлшеуге немесе бақылауға арналған аспаптар мен жазу құрылғысы бар өзге де аппаратура, өзгелері</p>	<p>мүше мемлекеттің заңды тұлғасында - салық резидентінде тиісті өнеркәсіптік тауарды өндіру, жаңғырту және дамыту үшін қажетті техникалық құжаттаманың (конструкторлық, технологиялық және бағдарламалық) және оған кемінде 5 жыл мерзімге құқықтардың болуы; мүше мемлекеттердің бірінің аумағында өнімді жөндеуді, сатудан кейінгі және кепілдік қызмет көрсетуді жүзеге асыруға уәкілетті сервистік орталықтың болуы;</p>
<p>9030 40 000 0 Телекоммуникациялар үшін арнайы арналған аспаптар мен аппаратура, өзгелері (мысалы, айқаспалы кедергілерді өлшегіштер, күшейту коэффициенттері, бұрмалау коэффициенттері, псофометрлер)</p>	<p>өндірушінің құрылымында меншікті конструкторлық-технологиялық бөлімшелердің болуы; өндірісте пайдаланылған үшінші елдердің шығарылған материалдары құнының пайыздық үлесін сақтау - тауар бағасының 50 пайызынан аспайды".</p>

9. 5-сілтемеде:

жетінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

3102 "Минералды немесе химиялық, азотты тыңайтқыштар" – 30 баллдан кем емес;

3102 50 000 0 "Минералды немесе химиялық, азотты тыңайтқыштар: натрий нитраты" – 30 баллдан кем емес;

3103 "Минералды немесе химиялық, фосфорлы тыңайтқыштар" – 30 баллдан кем емес;

3104 "Минералды немесе химиялық, калийлі тыңайтқыштар" – 30 баллдан кем емес

;

3105 10 000 0 "Құрамында екі немесе үш қоректік элементі бар минералды немесе химиялық тыңайтқыштар: азот, фосфор және калий; өзге де тыңайтқыштар; брутто-массасы 10 кг аспайтын таблеткалардағы немесе ұқсас нысандардағы немесе

орамдардағы осы топтың тауарлары: брутто-массасы 10 кг аспайтын таблеткалардағы немесе ұқсас нысандардағы немесе орамдардағы осы топтың тауарлары" – 30 баллдан кем емес;

3105 90 "Өзге де минералды немесе химиялық тыңайтқыштар" – 30 баллдан кем емес;"

10. 9-сілтемеден кейінгі абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Станок жасау", "мұнай-газ машиналарын жасау", "электроника және радиоэлектроника", "ауыр машина жасау" және "өлшеуге арналған аспаптар" салалары бойынша":

11. Мынадай мазмұндағы 30-сілтемемен толықтырылсын:

"<30> Бағалау жүйесі МемСТ Р 58972 талаптарына сәйкес іріктелген, өнімнің осы түріне ғылыми-техникалық құжаттамаға және (немесе) техникалық шарттарға сәйкес дайындалған жабдыққа (сорғыға немесе сорғы агрегатына) қолданылады, оның дайындалу деңгейін бағалау нәтижелері бойынша техникалық шарттарда көрсетілген өнімнің осы түрінің барлық бұйымдарын бағалау қабылданған.

Жабдықты өндірудің технологиялық процесінде қандай да бір немесе барлық операциялар болмаған не өнімнің әртүрлі модификацияларын өндіру кезінде міндетті түрде пайдаланылатын қандай да бір бөлшектердің/компоненттердің конструкциясында қарастырылып отырған бұйымдар болмаған жағдайда, шекті критерий ретінде қабылданған баллдар сомасын қарастырылып отырған бұйым үшін ең жоғары мүмкін болатын баллдар сомасының сорғы үшін 1000 немесе агрегат үшін 2000 катынастарына көбейту қажет:

$$\text{БҰЙЫМ СОМ} = \text{КРИТ СОМ} \times \frac{\text{БҰЙЫМ}_{\text{max}} \text{СОМ}}{\text{СОМ}_{\text{max}}}, \text{ мұнда}$$

БҰЙЫМ СОМ – қарастырылып отырған бұйым үшін критерий ретінде қызмет ететін баллдар сомасы;

КРИТ СОМ – қарастырылып отырған жабдық тобы үшін шекті критерий ретінде қабылданған баллдар сомасы;

БҰЙЫМ_{max} СОМ – конструкциясы мен дайындау технологиясы ескеріле отырып, қарастырылып отырған бұйым үшін мүмкін болатын ең жоғары балл сомасы;

СОМ_{max} – қарастырылып отырған жабдық тобы үшін сорғы үшін 1000-ға тең және қондырғы үшін 2000-ға тең баллдардың ең жоғары ықтимал сомасы.

Баллдық бағалау тек осы өнімнің дизайнында қолданылатын операцияларға, бөлшектер мен компоненттерге қатысты қолданылады. Қолданылатын операциялар, бөлшектер мен компоненттер белгіленген балл санымен толық көлемде бағаланады.

Блокты жиынтық сорғы қондырғылары мен сорғы станцияларын бағалау үшін сорғы агрегаттары үшін келтірілген шарттар мен өлшемдер қолданылады."

12. Ескертпелерде:

2-тармақта:

бірінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"8473 30 200, из 8473 30 800 0-ден "8471 тауар позициясы машиналарының бөлшектері мен керек-жарақтары (шасси (корпус)) – 50 баллдан кем емес;"

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Электроника және радиоэлектроника" деген XV бөлімге енгізілген және тиісті технологиялық операция орындалған жағдайда мүше мемлекеттердің аумақтарында өндірілген өнімге жатқызу мақсатында қойылатын бірінші деңгейдегі интегралдық схемаға немесе екінші деңгейдегі интегралдық схемаға қойылатын талаптарды қанағаттандыратын орталық процессорды қолдану жөніндегі технологиялық операцияны орындағаны үшін баллдар белгіленген тауарлар тиісті технологиялар орындалған жағдайда бірінші деңгейдегі радиоэлектрондық өнім деп, орындалмаған және оның құрамында орталық процессор қолданылған жағдайда – екінші деңгейдегі радиоэлектрондық өнім деп танылады.";

мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

"3. Осы тізбенің "Энергетикалық машина жасау, электротехника және кәбіл өнеркәсібі" деген IX бөлімге енгізілген тауарлар (технологиялық операцияларды орындағаны үшін оларға қатысты баллдар белгіленген өнеркәсіптік тауарлар үшін) жиынтығында тауардың әрбір бірлігі үшін көрсетілген операцияларды мүше мемлекеттердің аумақтарында орындағаны үшін төмендегідей жиынтық баллдар санына қол жеткізілген жағдайда, мүше мемлекеттің аумағында өндірілген тауарларға жатқызылуы мүмкін:

8502-ден "Сұйытылған табиғи газға арналған сұйық детандер-генераторлар":

2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін - кемінде 80 балл;

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап - кемінде 90 балл.

4. Осы тізбенің XIII "Мұнай-газ машиналарын жасау" бөліміне енгізілген тауарлар (технологиялық операцияларды орындағаны үшін оларға қатысты баллдар белгіленген өнеркәсіптік тауарлар үшін) мүше мемлекеттердің аумақтарында көрсетілген операцияларды орындағаны үшін жиынтығында тауардың әрбір бірлігі үшін төмендегідей жиынтық баллдар санына қол жеткізілген жағдайда, мүше мемлекеттің аумағында өндірілген тауарларға жатқызылуы мүмкін:

8413 70-тен "Сұйытылған табиғи газдың ірі тоннаждық өндірістері үшін BB1, BB2, BB3, BB5 және VS1/VS6 типті орталықтан тепкіш технологиялық сорғылар және олардың негізіндегі агрегаттар":

сорғылар:

2027 жылғы 31 желтоқсанға дейін - кемінде 750 балл;

2028 жылғы 1 қаңтардан бастап - кемінде 850 балл;

сорғы қондырғылары:

2027 жылғы 31 желтоқсанға дейін - кемінде 1300 балл;

2028 жылғы 1 қаңтардан бастап - кемінде 1800 балл

8414 80-нен "Бу газының ортадан тепкіш криогендік компрессорлары":

2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін - кемінде 130 балл;

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап - кемінде 170 балл."

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК